

ТІЛ БІЛІМІ

УДК 81'37;003;81'22

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ -ЫЛ, -ІЛ, -Л ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ
ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Елтаева А.С.***Сүлейман Демирель университеті. БМ011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 2 курс магистранты**Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., доцент Жолшаева М.С.***Резюме**

В статье представлена функционально - семантическая точка зрения на проблему выявления лексико-грамматической природы категории залога в казахском языке на основе коммуникативных особенностей данных конструкций.

Ключевые слова: функционально - семантическая особенность, семантический потенциал, грамматическая форма, категория залога

Resume

In this article is presented the functional-semantic features on a problem of revealing the lexical and grammatical nature of voice category in the Kazakh language on the basis of communicative features of the given designs.

Key words: functional -semantic features, semantic potencial, grammar form, voice category

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі етіс категориясының функционалды-семантикалық көзқарас тұрғысынан В статье представлена функционально-семантическая точка зрения на проблему выявления лексико-грамматической природы категории залога в казахском языке на основе коммуникативных особенностей данных конструкций.

Бүгінгі таңға дейін етіс категориясы қазақ тілінде көбіне құрылымдық аспектіден ғана қарастырылып, функционалды тұрғыдан жіті зерттелмеді. Осы етіс категориясын қызметтік аспектіден жан-жақты қарастырып, оның тұлғаларының функциясын саралау барысында, етісті етістіктің лексико-грамматикалық категориясы ретінде анықтау қазақ тіл білімінің өзекті мәселесі болып отыр.

Функционалды грамматика – тіл жүйесіндегі бірліктердің қызметін, оның заңдылығын зерттейтін грамматиканың бір саласы. Біз функционалды грамматиканы:

а) лебіз мазмұнын жеткізуге қатысатын грамматикалық бірліктердің қызмет етуінің ережелері мен заңдылықтарын сипаттауға бағытталған;

ә) «құралдан қызметке» қарай ғана емес, сондай-ақ «қызметтен құралдарға қарай» бағытында тілдік бірліктердің қызметін сипаттайтын грамматика деп түсіндіреміз [1, 6].

Функционалды грамматика тілдік жүйе мен оның элементтерінің қалай, не үшін қызмет ететіндігін айқындауды мақсат етеді; тілдік бірліктердің

сөйлеудегі жұмсалым потенциалын оны жүзеге асыратын ортамен байланыста қарастырады; әртүрлі тіл деңгейі бірліктерінің қызметі жағынан өзара байланысы мен өзара әрекеттестігі сияқты т.б. мәселелерді зерттейді. Ал дәстүрлі грамматикада грамматикалық категориялар қарастырылып, грамматикалық мағына беретін грамматикалық формалар жеке дара, ал “мазмұннан - формаға қарайғы” бағытта мазмұнды беруге қатысатын тілдік бірліктердің жұмсалымы кешенді түрде талдауға түседі. Мазмұнды жеткізу үшін тілдік жүйеден алынған бірліктер өріс түзеді. Тілдік бірліктер өріске семантикалық функциясының ортақтығы негізінде бірігеді. Функционалды грамматика аясына енетін семантикалық функция тілден тыс объективті шындықпен сәйкестеніп, өз бойына “мағыналық мазмұн” элементтерін жинақтайды. Яғни әртүрлі деңгейге жататын тілдік құралдар белгілі бір мағынаны, ойды жеткізу үшін бірлесе қызмет етеді. “Тілдік бірліктердің жұмсалымы” дегеніміз, біріншіден, сөйленім мағынасын беру үшін сөйлеушінің айтар ойын жеткізуге қажетті тілдік құралдарды таңдауы; екіншіден, тіл жүйесінің әр түрлі деңгейіне жататын бірліктер қызметінің өзара әрекеттес келуі; үшіншіден, потенциалды функцияның нәтижелі функцияға айналуы.

Академик А.В.Бондарко функционалды грамматиканың дәстүрлі грамматиканы толықтыратындығын және тілдің жүйелік сипатын толық көрсетіп, оның сөйлеудегі қызметін ашатындығын айтады [2, 294].

Тілдік бірліктердің қызметі, мағынасы, ішкі мәнін талдап саралау үшін, функционалды аспектіден жүйелеу барысында профессор А. Салқынбай етіс терминін аспектуалдық (етістіктің көрінісі: аспект, тұрпат (сипат), темпоральдық (шак), модальдық (райлық), жақтық тәрізді ұғымдардың қатарында қарастырады [1, 25].

Функционалды грамматикада іс-әрекет (кең мағынасында) – тек қана қимылды білдіріп қоймайды (Ол оқытқызды), сонымен бірге, ол жағдайды да (Ол шаршатты), қатынасты да т.б. білдіреді (Асан шеберге жасатты). Қызметтік семантикалық өріс – белгілі бір семантикалық категорияның негізінде өзара қатынаста болатын тілдік әртүрлі деңгейдегі құралдар жүйесі. Сондықтан қызметтік семантикалық өріс әртекті тілдік бірліктердің өзара іс-әрекеті арқылы анықталады. Ондай тілдік бірліктер ортақ инвариантты семантикалық белгілерге ие болады. Қызметтік семантикалық өріске грамматикалық бірліктер мен категориялар, сөз таптары ғана емес, сонымен бірге сол семантикалық категорияға енетін барлық тілдік бірліктер де енеді. Қызметтік семантикалық категория арқылы тілдік бірліктер тұлғадан мағынаға бағыты бойынша да, мағынадан тұлғаға бағыты бойынша да зерттеле алады [1, 18-19].

Дәстүрлі грамматикада ырықсыз етістің формалары деп танылып жүрген *-ыл, -іл, -л* тұлғаларын функционалды аспектіде қарастырмас бұрын,

ең алдымен «формадан мағынаға қарайы» ұстаным бойынша талдау жасағанмыз жөн. Көркем әдебиетгерден жинаған мысалдар бойынша -ыл, -іл, -л тұлғаларының қызметі мен мағынасы төмендегідей анықталды:

а) -ыл, -іл, -л тұлғаларына сөзжасамдық қызмет тән. *Дүнгендер осылай дүрілден тұрғанда, бұларға енді Бәйсігіттің сойыл, шоқпар, найза ұстаған салтатты жасағы келіп қосылды (Қабдеш Жұмаділов «Ғадауат» немесе дүнген дүрбелеңі). Гуіл бар денесіне кіріп алып, кеудесін кернеп әкеткені сонша, құсқысы келді (Ғабит Мүсірепов «Екі әйел – екі дүние»). Есік алдындағы үлкен шайла астында үш-төрт немересі **пырылдап ұйықтап жатыр (Дулат Исабеков «Қара шаңырақ»). Сырттай қарағанда, атыс-шабыс, үркін-қорқыннан ада, берекелі, бейбіт жылдардай көрінгенімен, беті бүркеулі астыртын айқас, жеңіс пен жеңіліс, шабуыл мен шегініс кезек алмасып, талассыз жүріп жатыр еді (Қабдеш Жұмаділов «Құтты қоныс»). Ақ азулары әлі де **сықылдап тұрса да, бұл күш белгісі емес, жеңілгенінің ызасы сияқты (Ғабит Мүсірепов «Жеңілген Есрафил»). Бірақ парсылар мұсылмандықты қабылдаудан ұтылған жоқ (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»). Енді бірер сағаттан соң шағын ауылдың кемпір-кешектері түгел жиналып, екі бөлмеге **сығылыса жайғасты (Дулат Исабеков «Тағдырдың кейбір кездері»).*******

Жоғарыдағы мысалдағы «дүрілдеп» сөзінде «дүр» еліктеуішіне -іл аффиксінің жалғануы арқылы «дүріл» дерексіз зат есімі жасалып тұр; сол сияқты «гуіл» зат есімі «гу» еліктеуішіне -іл жұрнағының жалғануы арқылы жасалған; «сықылдап» сөзінде -ыл тұлғасының «сық» еліктеуішіне қосылуы нәтижесінде «сықыл» дерексіз туындаған; «шабу» етістігіне -ыл аффиксі жалғанып, зат есімге айналып тұр; «жеңілгенінің», «ұтылған» сөздерін талдайтын болсақ, «жену», «ұту» етістігіне -іл, -ыл жұрнақтарының жалғануы арқылы «жеңілу», «ұтылу» туынды етістігі жасалып тұр. «Жеңу - жеңілу», «ұту - ұтылу», «сығу-сығылу» жұптарындағы етістіктердің бірінші сыңары мен екінші сыңары – бір-біріне қарама-қайшы мәндегі етістіктер. Яғни мұнда, біріншіден, түбір етістіктен туынды етістік туындап тұрса, екіншіден, қарама-қайшы мағыналы сөздер жасалып тұр.

-ыл, -іл, -л қосымшасы кейбір түбірлерге ғана қосылып, сол формалармен қоса-қабат тұтасып, сындық ұғымды білдіретін негіздер ретінде көнеленіп қалған: қызыл, жасыл, батыл, жеңіл [3, 251]. *Екеуі қақпа аузында машинаның қызыл жарығы көрінбей кеткенше қарап тұрды (Дулат Исабеков «Қара шаңырақ»).* Енді осы жоғарыдағы талдауды жинақтар болсақ, -ыл, -іл, -л тұлғалары: еліктеуіш сөздерден зат есім жасайды; етістіктен зат есім жасайды; түбір етістіктен қарама-қайшы мағынадағы туынды етістік тудырады; есімдерден сын есім жасайды.

ә) ырықсыз етіс жасайтын ең басты аффикстер **-ыл, -іл, -л** жұрнақтары болып келеді. Қазақ тіл білімінің дәстүрлі грамматикасы бойынша етістің төрт

түрі бар екендігі белгілі. Осылардың ішінен ырықсыз етіс түрі ерекше орын алады. Ырықсыз етіс басқа етіс түрлеріне мағынасы жағынан қарама-қайшы болып келеді. Бұл тұжырым басқа үш етістің етістік көлеміндегі іс-әрекетті білдіруде іс иесі – субъекті бар болса, ырықсыз етісте субъектінің жоқтығымен қимыл өз бетінше өтіп жатқандай болып, субъекті нақты көрсетілмей, объектіге қарай бағыт алады. *Жаңадан салынған бекініс-приказдарды негіз етіп, Арқада әлденеше округ-дуандар құрылды (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»).* «Шұғыла» 1933 жылы жазылып, келер жылы жарияланған, бәйге алған әңгімем еді. *Аздап өңделді, шұбалаңдау екен, біраз қысқартылды (Ғабит Мүсірепов «Шұғыла»).* *Бас-аяғы бір сағаттың ішінде мал сойылып, кемпір-кешек жиналып та қалды (Дулат Исабеков «Кемпірлер»).* *"Атам өлсе қойылар, атан өлсе сойылар", көңілі түссе келіп, көңілі түспесе жылына есігіңнен бір сығаламай жүре береді сөйтіп (Дулат Исабеков «Қара шаңырақ»).* *Дастарқан үстіне төгілген күрең шай "сай-сайды" қуалай ағып, төменде отырған Есіркептің алдындағы бір үзім нанға жетті де, үйіріліп тоқтады (Дулат Исабеков «Қара шаңырақ»).* Ырықсыз етістің -ыл, -л, -л тұлғасындағы баяндауыш болып келген бұл мысалдарда бастауыш қимыл объектісінің мағынасын береді, қимыл иесі сөйлемде айтылмайды. Бірақ іс-әрекет өздігінен жасалмағандығы, яғни қимыл субъектісінің қатысымен болғандығы көрінеді. Грамматикалық бастауыш логикалық объекті болады, ал логикалық объекті – грамматикалық бастауышпен белгіленеді. Округ-дуандар өздігімен құрылмайды, жоғары жақтың ықпалымен, жоғары жақтың бұйрығы, тапсырмасы негізінде құрылады. Әңгіме де өздігімен жазылмайды, өңделмейді, қысқартылмайды. Мұндағы басты субъекті – автордың өзі.

Ырықсыз етіс тұлғасында келген қимыл, іс-әрекеттің субъектісі тікелей айтылмайды, субъекті іске себепкер болады, яғни субъекті каузация мағынасында жұмсалады. *Тарихшы Ал-Асирдың айтуынша, сол жолы 100мың қытай-түргеш әскерінің 50 мыңы қырылып, 20 мыңы тірідей қолға түскен көрінеді (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»).* *Көп ұзамай алғашқы аман-сәлем, тіл қатулар басталды (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»).* *Сол әзәзілдің кесірінен Адам ата мен Хауа ана бейіштен қуылған екен (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»).* *–Табылды! Табылды!.. –Не табылды? –Қасенді қалдырған орнымыз табылды (Ғабит Мүсірепов «Жеңілген Есрафил»).* Талдау: қытай-түргеш әскерлері өзімен-өзі қырылып, жоқ болып кетпейді, ол қарсы әскерлердің шабуылынан, солардың соққысынан қырылады. Келесі сөйлем де сол сияқты, Адам ата мен Хауа ана бейіштен Алланың бұйрығымен қуылады. Қасенді қалдырған орын өзімен-өзі табыла кетпейді ғой, яғни ол орыңды адамдар іздеген соң ғана табылады.

Ал кей жағдайда қимыл иесі сөйлемде айтылады, бірақ тікелей бастауыш емес, толықтауыш болып келеді. *Кейіннен осы бағытта комсомолецтер күшімен зор жұмыстар жүргізілді. Бірақ қидандар да*

исламға бөгет бола алмады, шеттен кіргендер көп ұзамай жергілікті халықтарға жұтылып кетті (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»). Мұндағы қимыл иесі – комсомолецтер және халық.

Ырықсыз етістің **-ыл, -іл, -л** тұлғасында келген қимыл субъектімен мүлдем байланыспай, көрсететін қимылда субъектісі орын алмайды, олардың қатысуымен жасалған сөйлемде қимыл-әрекет өзінен-өзі өтетін құбылыс ретінде қабылданады: *Боран басылып, күн ашылғанымен суық-ақ* (Ғабит Мүсірепов «Екі әйел – екі дүние»). *Аласа ғана жер үй ұлыған боранмен бірге әлдеқайда көшіп бара жатқандай сезіледі* (Ғабит Мүсірепов «Жеңілген Есрафил»). *Мына Мирхамед балаларының бұл кәсіпке бұрыннан ысылғаны байқалады* (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»). *Жұрт Ақтамбердіні «батыр» деп атаса, Ақтайлақ би ретінде танылды* (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»)… *Қараған-тобылғы тегіс бүрлеген, изен мен жусан, бетеге мен қияқ алышындап жетілген* (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»). *Гуриннің ұйқысы шайдай ашылды* (Ғабит Мүсірепов «Жеңілген Есрафил»). *О, жамандар, күшіктер, кеше ғана еді зой мұрындарыңның тиылғаны, бүгін кеп бала керек боп қапты* (Дулат Исабеков «Кемпірлер»)!. *Бет-әлпеті солып, аяқ-қолы тарамыстанып тартылған* (Роза Мұқанова «Мұң»). *Мөлдіреген қара көз, әдемі маңдайға біткен жіп-жіңішке айдай керілген қас, қазақы домалақ мұрын* (Роза Мұқанова «Мұң»). Яғни бұл сөйлемдерде іс-әрекет өздігінен болғандай көрінеді.

Бұдан өзге келесі мысалдан **-ыл** жұрнағының көптік ұғым беретіндігі көрінеді: *Бәрі жабылып, бүкіл адами қара тірлік құбыжық... етеді біздерді* (Роза Мұқанова «Мұң»). «Жабу» етістігінің бойында көптік сема жоқ, алайда оған **-ыл** аффиксі жалғанып, көптік ұғым анық байқалады.

Соған қоса, аталған жұрнақтар ырықсыз етіс жасау барысында сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. *Бәріміз де қалаға шықтық. Кең ауладан баршылық белгілері танылады* (Ғабит Мүсірепов «Шұғыла»). *Сүйегімізді көміп, басымызға құран оқитын да адам табылмас* (Мұхтар Мағауин «Қияндағы қыстау»). *Дүріл бұрынғысынан да күшейіп, ышқынып барып басылды да, есігінің сарт етіп жабылғаны естілді*. «Гану», «табу», «басу», «жабу», «есту» сабақты етістігі «танылу», «табылу», «басылу», «жабылу», «естілу» тұлғасында келіп, салт етістікке айналған.

б) -ыл, -іл, -л тұлғасының өздік етіс жасайтын қызметі де анықталды. Өздік етіс тұлғасында келген қимыл, іс-әрекет іс иесі субъектіге қарай бағытталады. *Бірақ парсылар мұсылмандықты қабылдаудан ұтылған жоқ* (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»). *Дүнгендер ұстаған салтатты жасағы келіп қосылды* (Қабдеш Жұмаділов «Ғадауат» немесе дүнген дүрбелеңі). *Ақырында алма-кезек пікір айтылып, ұсыныс салмақталып болғасын, шалдарға бәрі қосылды* (Ғабит Мүсірепов «Жеңілген Есрафил»). *Енді міне, үйіріне қосылды* (Ғабит Мүсірепов «Жеңілген Есрафил»). *Аздасын оларға*

Наталья барып қосылды (Ғабит Мүсірепов «Жеңілген Есрафил»). "Ит жеп жатыр-ау. Мейлі, ит жемесе шошқа жесін". **Аударылып түсіп, теріс қарап жатты** (Дулат Исабеков «Қара шаңырақ»). Кешке шейін көрмесе сағынып, үстінен баспахана бояуының иісі аңқыған әкелерінің мойнына тұс-тұстан **асылатын** алды он бір, соңы төрт жасар балаларының маңдайынан бір иіскеуді аңсады (Дулат Исабеков «Тағдырдың кейбір кездері»). Кейуана ішіндегісін сыртқа түгел шығармай **тосылып** қалды (Роза Мұқанова «Мұң»). Бұршақтап күн жасаурда Қазығұрттың басына қатты бұлт **үйіріліп** жел тұрады (Роза Мұқанова «Мұң»).

-ын, -ін, -н формасында келетін өздік етістен **-ыл, -іл, -л** аффикстерімен келетін өздік етістің айырмашылығы – көп жағдайда әрекет субъектіге бағытталғанмен, субъекті тура объекті бола алмайды. Жұмысқа алысырақ баратын адамдар қолдарына арқан ұстап, **қосақталып** кетеді (Ғабит Мүсірепов «Жеңілген Есрафил»). «Ал, ондай болса» депті де, бір болыс ел **дүрк көтеріліп**, Барқытбелдің күнгейіндегі туыстарына көшіпті де кетіпті (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»).

-ыл, -іл, -л тұлғасы өздік етіс жасауда **-ын, -ін, -н** аффикстері сияқты сабақты етістіктен салт етістік жасайды. Қия бетте көксірік бетегеден бидің аяғы тайып кете ме деп өбектеген ұқыпты Бәшердің көмегін қажет етпей, қырқаның басына өзі **көтерілді** (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»). Серікбайдың үй-іші қызымыз бүгін-ертең келеді деп **дайындалып** жатқанымен оның көңілінде күдік бар еді (Мұхтар Мағауин «Қияндағы қыстау»). «Көтеру», «дайындау» сабақты етістіктері «көтерілу», «дайындалу» салт етістіктеріне айналған.

Екінші жақтағы еістікке **-ыл, -іл, -л** тұлғасы жалғанып бұйыру мәнін білдіреді: –Арқаннан **айрылма** (Қабдеш Жұмаділов «Киелі көш»)! Тез сабаққа **жинал**.

Сонымен, қорыта айтқанда қазақ тіліндегі **-ыл, -іл, -л** тұлғасы бірнеше функционалды-семантикалық ерекшеліктерге ие болып келеді. Олар: сөзжасамдық қабілет, яғни жаңа сөз жасау үдерісіне қатысады; іс-әрекеттің субъектісі көрсетілмей, жалпы іске асуын көрсететін ырықсыз етіс мағынасын бере алады; өздік етіс қызметін де атқарауға қабілетті болып келеді.

Әдебиеттер

1. Салқынбай А. Функционалды грамматика очерктері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 120б.
2. Бондарко А. Функциональная грамматика. – Москва, 1991.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384б.